

Казакта обал ығымы бұрыннан бар. «Обал болады, обалына калма» деген сөзде салмақты ой, байыпты пайым жатыр. Себебі бізді ата-әжеміз обалмен тәрбиеледі. Ысырапшылдыктан, артық қылықтан тыйды. Кішкентайдан бойға сінірген тәрбиеге қылау түскен жоқ. Енді үлкендердің обал ығымын балаларымызға айтамыз. Калдырған өсиетін мысалмен жеткіземіз. Жамандық жасауға болмайтынын ескертеміз. Жамандық демекші... осы оқиға әлі күнге есімде. Оқырманға қаз-қалпында баяндауды жөн көрдім.

Бір күні әкем үйге ақ күшік алып келді. Інім екеуміз қатты қуандық. Күшік сондай сүйкімді. Адамды өзіне баурап алады. Үйімізге «күт әкелсін, қорадағы малды ұры-қарыдан қорғасын» деп атын Күтжол қойдық. Ол інімнің ішін пыстырмайды. Баласына ма, ізінен қалмайды. Інім де күні бойы күшікпен ойнайды. Күзге салым біз баспана ауыстырдық. Жана қоршіміз – лауазымды қызметтегі адам. Қошіп келгеннен күшікке шүйлікті. Күтжолды үй маңына барса ұрып жібереді. Ол кезде қазіргідей аула қоршалмайды. Қоқпен таласқан зәулім қақпа жоқ. Ауыл үйлерінің арасы ашық жатады. Не керек, Оспан қоқ өлімжеттік жасады.

- Мына иттеріне ие болындар! Ауламыздан шықпай қойды ғой. Асырай алмасандар, қозің құртамын! - деп сес қорсетті.

Әке-шешем жана қоршімен жаға жұртыспады. Күшікке бола айтысып, сөз таластыра ма?! Қоршімнің де иті бар. Орыс пародасы болғанымен, онып тұрғаны шамалы. Жерді тырналап, топырақтың шанын аспанға шығарады. Иттің аты – ит. Қанша асырасан да абырой әпермейді. Бірақ тіршілік иесіне қиянат жасауға болмайды.

Бірде Күтжол қатты ауырды. Алдына қойған тамағын ішпейді. Итаяқтағы асқа тамсана қарайды. Кейін басын қотерместен сүлкі жататын болды. Ас ішпегесін қатты азды. Сүйектері ырсып қалды. Әке-шешем күшікке бір жайдың болғанын білді. Күн сайын Күтжолдың жағдайы томендей берді. Жәудіреген қоздері аянышты. Онменіннен отіп кетеді. Інім екеуміз шыдамай теріс айналамыз. Итке қатты бауыр басып едік. Әкем тік мінезді адам. Оспанның үйіне барып, ішіндегі қыжылын айтты.

- Оспан, сені азамат деп жүрсем. Кішкентай күшікте нен бар? Саған кандай залалы тиді? Обалынан корыкпайсын ба? - деді.

Обал деген кезде Оспан мырс етіп күлді. Казакка итін жаман деген созден ауыры жок. Біле тұра шагып сойледі.

- Корші болган түрін! Кангырган итін коргайды гой мынау. Итін ауламнан шыкпайды. Бузыктыгы, үрлыгы жок. Бірак әбден мезі болдым. Сосын козін күрткым келді. Нанга шаншып ине беріп едім, сабазын бір-ак кылгытты. Енді күшікке бола жыламайтын шыгарсын!

Күтжол бір апта ауырды. Аузынан толассыз ак кобік атты. Коніліміз түскенімен, коршімізге ештене білдірген жокпыз. Тек анам Оспаннын ісі дұрыс болмаганын, обалы жаман болатынын айтты. Күшіктің киесі үрды ма, әлде ажалы ма, кім білсін... Оспан копке ұзаган жок. Лауазымды кызметтен шыгып калды. Бір жылдан сон, кылтамак ауруынан кайтыс болды.